

Қатысқандар : 1-11 класс ата- аналары

**Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:**

1. 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстарды қорытындылау, белсенді ата- аналарды марапаттау  
Мектеп директоры А. А. Абжалелова
2. «Мамандық таңдау- болашаққа бағдар»  
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Кенжебекова
3. «Мектеп жанындағы лагерь жұмыстары туралы »  
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К. Кайболдинова
4. Келесі оқу жылына мақсат- міндеттер белгілеу .  
Ата- аналар комитет төрағасы Т. Ерубаева
5. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды :

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Рахметова жалпы ата- аналар жиналысын ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

1. Мектеп директоры А. Абжалелова :

«Жанұя-қорғаным, ата-ана –тірегім» демекші барлық қоғам біткеннің ең арғысы және бірден бір табиғысы-отбасы» деп материалист-философ Жан Жак Руссо айтқандай, қоғам да , мемлекет те үйден, отбасынан басталады. Осыған байланысты мектебімізде баланы өмірге бейімдеуде мектеп, мұғалім және ата-ананың орны бөлек.Сынып жетекшінің тәрбие жұмысындағы бір бағыты ата-аналармен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру болып табылады.Сынып жетекші ата-аналармен жұмысты ең алдымен жиналыстан бастайды.Ата-аналар жиналысының бірінші отырысында осы мәселеге қатысты өзінің ұстанымы мен педагогикалық көзқарасын баяндайды.Оның мақсаты мен міндеттерімен, соған орай өзінің әрекет ету бағдарламасы мен тәсілін, тәрбие жоспарымен, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстармен таныстырады.Ата-аналармен бірлесіп оны жүзеге асыру жолдарын қарастырады.Мектеп тәжірибесінде сынып жетекші ата-аналарды балалармен бірге әрекетке қатыстырудың әр түрлі формаларын қолданады.Саяхат, таза ауаға серуен, спорттық жарыстар,жана жыл шыршасы, күзгі бал мерекесі,наурыз мейрамдары,оқушылардың жазғы демалыстарын ұйымдастыру т.б.Егер де сынып жетекші мен ата-аналардың байланысы өте тығыз, ұйымшыл болса,бұл шешімін табады. Мектебімізде ата- аналармен жұмыстар өз деңгейінде жүргізілді деп есептеледі. 15 мамыр- отбасы күні мерекесіне орай мектебімізде «Отбасы- бақыт мекені» атты отбасылық семинар ұйымдастырылды. «Әдістемелік кабинет» КММ- сі А. Аймағамбетов қатысқан шараға «Абай шығармаларының ұрпақ тәрбиесіндегі ролі» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылып, педагог- психолог А. Саин ата- аналармен бала тәрбиесіне қатысты коучинг өткізді. Семинар соны отбасылық концерттік бағдарламаға ұласты. Әкелер кеңесінің жұмысы қанағаттанарлық деңгейде өткізілді.

Күн тәртібіндегі II мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Кенжебекова сөз алды.

Мамандық - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар. Статисттердің зерттеуі бойынша жыл сайын 25 млн адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12 %- і қайтадан өз орнына қайтып оралады екен. Бұдан мамандықты таңдауда әр маман қателесіпті деуге бола ма? Әлде өзінің болашақтағы профессионалды қызметіне жан - жақты дайындалу керек шығар? Қоғамға, адамдарға пайдасын тигізетін мамандықтарды қалай таңдауға болады?



Мамандық таңдау жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мындаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез - келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың жолы ғана емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты тандайды. Осыдан өз мамандығына қанағаттанбаушылық, реніш сезімдері болып, тіпті алдарына жоспар да құрғысы келмейді. Әрбір адам өзін - өзі дамыта алу үшін білім алып, сол - біліміне сай мамандыққа машыктану керек. Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы - адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдау жасаған адам ғана жетістікке жетеді. Өзінің сұранысын, қызығушылығын жоймаған кең тараған мамандықтарға дәрігер, мұғалім және құрылысшы мамандықтарын атап өтуге болады. Ал, өзекті мамандықтар қатарына жоғары технология, байланыс, коммуникация, әлеуметтік орта, экономиканы басқару мамандықтары және еңбек сұранысына қажетті жаңа мамандықтар жатады. Қоғамның дамуында мамандық иелерінен жоғары кәсіби біліктілікті, коммуникативтік қабілетті, еңбек етуге деген сүйіспеншілікті, қызығушылықты, өз мамандығы бойынша біліктілігін арттыруға даяр болатын мамандық иесін талап етеді.

Күн тәртібіндегі III мәселе бойынша:

**Мақсаты:** Бастауыш сынып оқушыларының демалысын, бос уақытын және сауықтыруын қамтамасыз ету.

**Міндеттері:** Уақытша ұжымда мектепте оқушылардың сауықтыру мен демалысын ұйымдастыру.

2) оқушылардың бос уақытын қызықты ұйымдастыру арқылы шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;

1) ұжымдылыққа тәрбиелеу, коммуникативтік білікті, рухани қасиеттерді дамыту.

Күтілетін нәтижелер:

1. Балалардың денсаулығын нығайту және жеке гигиена дағдыларын үйрету.

2. Түрлі шараларға қатысу арқылы балалардың табиғи қабілеттерін ашу, шығармашылығын дамыту.

3. Мейірімділікке, өзін-өзі сыйлауға, бір-біріне қолдау көрсетуге, достық қарым-қатынасты қалыптастыру.

4. Оқушылардың спортқа және дене шынықтыру сабақтарына қызығушылықтарын арттыру.

5. Табиғат аясында, көлікте, көшеде және қоғамда жүріп-тұру ережелерін қалыптастыру. Мектеп жанындағы лагерь жұмыстырының барысына директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К. Қайболдинова тоқталып, ата-аналардың сұрақтарына жауап берді.

Мектеп директоры А. Абжалелова 2022-2023 оқу жылында мектеппен тығыз байланыс жасап, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін белсенді ата-аналарға алғыс хаттар табыстады.

Мектеп ата-аналар комитет Т. Ерубәева алдағы оқу жылына мақсат-міндеттер қатарын ата-аналар назарына ұсынды. Талқыланды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқыға сала келе ата-аналар жиналысы

**Қаулы етеді :**

1. 2022-2023 оқу жылы барысындағы ата-аналармен жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Мамандық таңдау жұмыстарына байланысты ата-аналарға түсіндірме ақпарат жұмыстары үнемі жүргізіліп, тиісті деңгейде ұйымдастырылсын.

3. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы тілдік лагерь, ойын алаңы т.б жұмыстар тиісті деңгейде ұйымдастырылуын бақылау мектеп әкімшілігінің бақылауына қалдырылып, ата-аналар тарапынан балалардың толық қатысымын ұйымдастыру бақылансын.

Ата-аналар комитет төрағасы

Хатшысы



Ерубәева Т. Д

А. Саугабәева